



Бірлік ауылында округ әкімі Баймұрат Теміровтің ауыл тұрғындарына арналған есепті кездесуі өтті. Жиынды аудан әкімінің орынбасары Өлімжан Жарылқаганов ашып, жүргізіп отырды.

Есепті кезеңде ауылдық округ әкімі Б.Теміров Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ел дамуынағы бес индустриялды реформасын жүзеге асыруға бағытталған «Жүз нақты қадам» Үлт жоспарын іске асыру және дәсүрлі Жолдауынан туындайтын міндеттер мен тапсырмаларды орындау максатында ауқымды жұмыстар жүргізіліп келе жатқандығын атап өтіп, ауылда атқарылған жұмыстардың барысы мен келер жылға межеленген ілкімді істерді баяндады.

Жиын барысында ауыл әкімі елді мекенде бала санының өсуіне байланысты балабақша ғимараты салынса деген халықтың ұсынысын жеткізді. Сондай-ақ, ауыл тұрғындары да оздерінің көкейде жүрген сұрақтарын қойып, тиісті жауаптар алды. Жүздесуді аудан әкімінің орынбасары Өлімжан Жарылқаганов қорытындылады.

Жалантос батыр ауылында аудан әкімінің орынбасары Галымжан Еркебай, аудандық дербес бөлімдерінің мамандары, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауылдық округтегі мекеме басшылары, ауыл тұрғындары қатысқан жиында Карашенгел ауылдық округінің әкімі Орысбек Жамшейтов жыл бойы атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы баяндама жасап, он өзгерістер мен жағымды жаңалықтарға тоқталды.

Басқосуда ауыл тұрғындары өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды. Жиын сонында тұрғындар ауыл әкімі О. Жамшейтовтің жыл бойы жасалған жұмыстарын он бағалап, алдағы істеріне сәттілік тіледі.

Ақтан батыр ауылдық клубында аудан әкімінің орынбасары Бакытжан Жарылқап ауыл тұрғындарымен жвздесті. Кездесуде ауылдық округ әкімі Шәкір Картабай жыл көлемінде жвзеге асқан жұмыстарға кен тұрғыда тоқталды. Сонымен қатар округтегі кейбір шешімін мәселелер назарға алынып, жвзеге асыру жолдары талқыланды. Жиын сонында ауыл тұрғындары жыл бойы атқарған жұмыстарды он бағалады.

Мұндай кездесу жиындары аудан көлемінде жалғасын табуда.

***Жумабек Табынбаев,***

***Қазалы ауданы***